

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ**

**Басқару институты**  
Қолжазба құқығында

**Шуиншалиев Асланбек Серикович**

**ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЕҢ  
ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ  
ЖОЛДАРЫ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04122 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04122 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару  
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекшісі \_\_\_\_\_ Экономика ғылымдарының кандидаты Мұқан Б.Ғ.

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ саяси ғылымдарының докторы Гаипов З.С.

**Астана, 2023**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>	.....	3
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	.....	4
<b>КІРІСПЕ</b>	.....	5
<b>НЕГІЗГІ БӨЛІМ</b>	.....	9
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	.....	39
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ</b>	.....	42

## Нормативтік сілтемелер

«Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V Заңы.

Қазақстан Республикасының 2023-2025 жылғы Республикалық Бюджеті туралы 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №163-VII Заңы.

«Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы бұйрығы.

«Қазақстан Республикасындағы ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу және азық – түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі №135 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 шілдедегі №631 «Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 шілдедегі №623 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 31 шілдедегі №585 бірлескен бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы халыққа Жолдауы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысына сәйкес, «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы іске асырудың» кешенді жоспары.

## Белгілеулер мен қысқартулар

КМ	–	Күнкөріс минимумы
ТМД	–	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ	–	Экономикалық Ұнтымақтастық пен Даму Ұйымы
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
ҚХР	–	Қытай Халық Республикасы
ГФР	–	Германия Федеративті Республикасы
БР	–	Беларусь Республикасы
ЕХӘҚМ	–	Еңбек халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҰЭМ	–	Ұлттық экономика министрлігі
ҰСБ	–	Ұлттық Статистика Бюросы
ДСМ	–	Денсаулық сақтау министрлігі
ТМРК	–	Табиғи монополияларды реттеу комитеті
СҚО	–	Солтүстік Қазақстан облысы
ОҚО	–	Оңтүстік Қазақстан облысы
ШҚО	–	Шығыс Қазақстан облысы
БҚО	–	Батыс Қазақстан облысы
ЖІӨ	–	Жалпы ішкі өнім
ЖӨӨ	–	Жалпы өңірлік өнім
АӘК	–	Атаулы әлеуметтік көмек
ЕТКДШ	–	Ең төмен тұтынудың күнкөріс деңгейінің шамасы
АЕТҚ	–	Азық-түлік емес тауарлар құны
АСҚ	–	Азық-түлік себетінің құны
SWOT	–	Күшті, әлсіз, мүмкіндік және қауіптілікті талдау

## Кіріспе

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Күнкөріс деңгейі дегеніміз - бұл адамның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ақша мөлшері болып табылады.

Бүгінде, Қазақстан Республикасында ең төменгі күнкөріс деңгейі әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кезінде халықтың өмір сүру деңгейін бағалау үшін қолданылады, **мысалы:** *жасына қарай базалық зейнетақы тағайындау, мүгедектігіне қарай төленетін жәрдемақылар, асыраушысынан айырылуына байланысты төленетін жәрдемақылар, мүгедек баланы бағу үшін төленетін мемлекеттік жәрдемақы, I- топтағы мүгедектігі бар адамды бағу үшін төленетін жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау).*

Сондай-ақ, бұл көрсеткіш – **кедейшілік деңгейі мен ең төменгі жалақы мөлшерін анықтау, жәрдемақылар мен түрлі әлеуметтік төлемдерді қалыптастыру кезінде және жеке тұлғалардың салық міндеттемелерін есептеу кезінде қолданылады.**

Көптеген елдерде күнкөріс деңгейі ең төменгі тұтыну стандарттарының бірі болып табылады. Күнкөріс деңгейінің шет елдердегі анықтамасы кедейлікті өлшеуге тікелей байланысты. Кедейлікке қарсы күрестің ұлттық бағдарламалары, халықтың әлеуметтік осал топтарына берілетін мемлекеттік трансферттердің мөлшері көбінесе күнкөріс минимумын анықтаудағы қандай да бір тәсілдерге байланысты.

Халықаралық тәжірибеде күнкөріс деңгейінің мәні мен шамасын анықтауда адамның ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейтін тауарлар мен қызметтердің белгілі бір минимумын белгілеуге негізделген тәсіл кеңінен қолданылды, бұл елдің дәстүрлері мен климаттық жағдайларына сәйкес тамақтану мен киімге қатысты ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді, одан тыс жерде адамның қалыпты өмір сүру жағдайлары бұзылады.

Әлемдік тәжірибеде күнкөріс деңгейінің мәні өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады және кедейлік шегін анықтау үшін қолданылады, көбінесе абсолютті кедейлік өлшемі ретінде әрекет етеді.

Басқаша айтқанда, **«кедейлік шегі»** ең төменгі күнкөріс деңгейінде өтеді, ал халықтың ақшалай кірісі немесе тұтыну деңгейін ең төменгі күнкөріс деңгейімен салыстыру мүлдем кедей халықтың үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекет тарапынан әрдайым экономиканың тұрақты дамуы жолында азаматтардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жауапкершілікті сақтау маңызды.

Бүгінгі жағдайда әр адам баласының жеке бюджетінің кіріс бөлігі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болса, онда мұндай азамат мемлекеттік қолдау алуға құқылы.

2022 жылдың 10 наурызында Мемлекет басшысының тапсырмасымен **«2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру»** бағдарламасы қабылданды.

Бағдарлама **80 шарадан** қалыптасып: халықтың жалақы табысын арттыру, халықты жаппай жұмысқа тарту арқылы табысын арттыру және халықтың сатып алу қабілетін сақтап қалу секілді негізгі бағыттарынан құралды.

Сондықтанда, ең төменгі күнкөріс деңгейі еліміздегі кедейшілік деңгейін анықтаумен, әлеуметтік жәрдемақыларды және ең төменгі жалақы деңгейін қалыптастырудағы қолданылатын басты тәсіл болғандықтан, бүгінгі күні ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерін қайта қарау немесе қолданылу аясын қысқартуды өзектендіру мәселесі маңызды болып табылады.

**Жұмыстың мақсаты** – экономиканың тұрақты дамуы үшін тұрғындардың табысын арттыру мен физиологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Магистерлік жұмыс тапсырмалары:**

- Күнкөріс деңгейі мен кедейшілік деңгейінің мәнін және оның мазмұнын ашу.

- Тұрғындар табысының артуын экономикалық өсудің маңызды аспектісі ретінде қарастыру.

- Күнкөріс деңгейін пайдалану мен кедейшілік деңгейін қысқартудағы шетелдік тәжірибені зерттеу.

- Тұрғындардың табысын арттыру бағдарламасына шолу жасау.

- Қазақстандағы күнкөріс деңгейін есептеудегі әсер ететін факторларды талдау.

- Күнкөріс деңгейін қалыптастырудағы нақты жан басына шаққандағы физиологиялық қажеттіліктерге талдау жүргізу.

- Күнкөріс деңгейінің мөлшерін нақты физиологиялық қажеттіліктерге қарай есептеу немесе оның қолданыс аясын қысқартудағы тұрғындардың табысын арттыру перспективаларын бағалау.

- Күнкөріс деңгейінің мөлшерін нақты физиологиялық қажеттіліктерге қарай есептеу немесе оның қолданыс аясын қысқарту арқылы тұрғындардың табысын арттыру нұсқасын ұсыну.

**Зерттеу объектісі** – Күнкөріс деңгейінің нақты физиологиялық қажеттіліктерді өтеуі мен қолданылу аясы.

**Зерттеу пәні** Тұрғындардың табысын арттыру процесінде туындайтын әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

**Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы** экономикалық әдебиеттерде жеткілікті түрде дамымаған мәселенің тұжырымдалуына байланысты және мыналардан тұрады:

- Күнкөріс деңгейі мен кедейшілік деңгейінің ерекшеліктеріне толық сипаттама берілген.

- Қазақстан тәжірибесіндегі күнкөріс деңгейінің негізгі қолданылу аясының тенденциялары анықталды.

- Қазақстандағы тұрғындар табысының өсуіне әсер ететін негізгі факторлар анықталды.

- Қазақстандағы қазіргі экономикалық жағдайда жекелеген санаттар үшін табысты арттыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірленді.

**Зерттеудің әдістемелік негізі.** Зерттеу барысында деректерді саралау, талдау, топтау және жүйелеу әдістері қолданылды.

**Жұмыстың практикалық маңызы.** Бұл тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар күнкөріс деңгейі мен кедекшілік деңгейін реформалау үдерісін жетілдіру шараларын әзірлеуге, сондай-ақ Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрғындардың қажеттіліктерін өтеу мен сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ете алады.

**Магистерлік жұмыстың құрылымы.** Бұл жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Шешілетін ғылыми мәселенің қазіргі жағдайы.**

Кедейшілік деңгейі мен күнкөріс деңгейінің мәселелері бойынша шетелдік экономикалық ғылым саласының экономикаға қосқан үлесін есепке алу және есептеу әдістемесін ұсынуда келесі авторлар мен зертеушілер ерекшеленеді: Гордон Л, Шугаева И, Фрейхе-Родригес С, Суринов А, Сазанов И, Курепина Н, Санджиев Б, Аксенова Т, Родионова М, Калинина А, БҰҰ, Халықаралық банк, Юнисеф ұйымдары.

**Кедейшілік деңгейі мен күнкөріс деңгейінің мәселелерін зерттеген қазақстандық авторлар:** Адамбекова А, Кульжабаева М, Ералиева Я, Саиров Е, Сарсенова М және т.б.

Әлемдік деңгейдегі күнкөріс деңгейінің мәселелерін зерттеудің белсендірілуіне қарамастан, қазіргі Қазақстан экономикасының дамуына әсері бар факторы ретінде күнкөріс деңгейінің мөлшеріне өзгертулер енгізу немесе қолданылу аясын қысқарту процесі жеткіліксіз зерттелген.

**Жарияланымдар.** «Ең төменгі күнкөріс деңгейін арттыру жолдары» атты мақала Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясымен 2023 жылдың 27-28 сәуірінде ұйымдастырылған «Ашық үкімет және жаңа басқару мәдениеті» атты халықаралық ғылыми конференцияда жарық көрді.

# 1. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері мен кедейшілік деңгейінің теориялық аспектілері

## 1.1 Күнкөріс деңгейі мен кедейшілік деңгейінің мәні және оның мазмұны

Нарықтық экономиканың қазіргі жағдайында халықтың табысын арттыру мен физиологиялық қажеттіліктеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету мемлекеттік билік тарапынан аса маңызды рөлге ие.

Осы ретте, елдегі кедейшіліктің деңгейін анықтау мақсатында ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері үлкен маңызға ие.

**Кедейлік дегеніміз** - бұл адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті материалдық игіліктер мен кірістердің болмауы. Кедейлік әлеуметтік, экономикалық және саяси элементтерді қамтуы мүмкін.

**Абсолютті кедейлік дегеніміз** - бұл азық-түлік, киім-кешек және баспана сияқты негізгі жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті қаражаттың толық болмауы.

Сонымен, С. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде келтірілген анықтамаға сүйенер болсақ, **«кедейлік - бұл мұқтаж өмір, үнемі мұқтаж адамның жағдайы, қажет нәрсенің жетіспеушілігі»** ретінде қарастырады [2].

Бұл ретте, еліміздегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері «Қазақстан Республикасындағы ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу және азық – түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі №135 бұйрығына сәйкес есептеледі [3].

**Ең төменгі күнкөріс деңгейі** - бұл ең төменгі тұтыну себетінің құнына тең бір адамға шаққандағы ең төменгі ақшалай кіріс көзі болып табылады. Соңғы тұжырымдама өз кезегінде адам өмірін қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түлік, тауарлар мен қызметтердің минималды жиынтығын сипаттайды.

Яғни, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен көрсеткіштер кедейлік пен тамақтанбаумен байланысты, ал қалыпты өмір сүру үшін орташа есеппен бір адамға ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшеріндегі ақша қажет.

И.Шугаеваның пікірінше - қазіргі қоғамдағы кедейлік пен оның салдары көптеген әлеуметтік және теориялық даулардың тақырыбы ретінде қарастырылған, оның ішінде: кедейлік - бұл адамның жағдайы сипатталатын жетіспеушілік пен негізгі өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін материалдық мүмкіндіктердің болмауынан қоғамдағы адам мәртебесінің жоғалуы, халықтың деградацияға ұшырауынан делінеді [4].

Белгілі ресейлік социолог Л.А.Гордон кедейліктің үш дәрежесін анықтайды: өткір, яғни ең терең кедейлік, мұқтаждықты орташа кедейлік ретінде таныса, қажеттіліктерін толық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін кедейліктің байқалуы ретінде қарастырады [5].

БҰҰ өзінің зерттеуінде - кедейлік деңгейін салыстырмалы ұғым ретінде көрсетеді және белгілі бір елдегі жалпы әл-ауқат деңгейіне байланыстырады. Яғни, абсолютті кедейлікте өмір сүретін адамдар биологиялық өмір сүруді қамтамасыз ететін минималды қажеттіліктерді ғана қанағаттандыра алатынын,



ал салыстырмалы кедейлік жағдайында өмір сүретіндердің табысы бүкіл ел бойынша орташа табыстың (медиандық табыстың) 50-60% құрайтынын көрсетеді [6].

Экономика саласындағы Нобель сыйлығының «аштықтың саяси экономикасы» еңбегі үшін марапатталған Амартия Сен кедейлікті тауарлар санымен (тауарлар санынан кеңірек болуымен) байланысты емес, адамдардың осы игіліктерге қол жеткізу мүмкіндіктерімен анықталатынын көрсеткен [7].

БҰҰ тұжырымдамасына негізделген әлемде ең көп қолданылатын анықтама кедейлікті «қанағаттанарлық өмір салтын қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстардың ұзақ мерзімді мәжбүрлі жетіспеушілігі» ретінде қарастыру болып табылады. Яғни, ақшаның жетіспеушілігі ғана емес, сонымен қатар лайықты жұмыс, ыңғайлы тұрғын үй, тиісті білім мен денсаулық сақтауға қол жетімділіктің болмауынан туындаған адамның әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шектелуі кіреді [8].

Отандық бірқатар ғалымдар (А.Адамбекова, М.Кульжабаева, Я.Ералиева) еліміздегі кедейлікті азайтудың бірден – бір жолы ретінде, қолданыстағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерін ұлғайту маңыздылығын атайды [9].

Сонымен, шетелдік және отандық ғалымдардың, халықаралық ұйымдардың зерттеулеріне сүйенсек - кедейлік ұғымын адам баласының күнделікті қалыпты жағдайда өмір сүруі үшін, өзінің физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауынан туындайтынын ұйғаруға болады.

Ал, осы кедейлікті анықтауға мүмкіндік беретін әдіс бұл әрине әр адамға шаққандағы табыс көзі.

Осы ретте, көптеген дамушы елдерде кедейлікті нақты анықтау мақсатында, ең төменгі күнкөріс деңгейінің қолданысқа ие екендігі белгілі болды.

Сонымен, көптеген елдерде күнкөріс деңгейі ең төменгі тұтыну стандарттарының бірі болып табылады. Оның шет елдердегі анықтамасы кедейлікті өлшеуге тікелей байланысты.

Кедейлікке қарсы күрестің ұлттық бағдарламалары, халықтың әлеуметтік осал топтарына берілетін мемлекеттік трансферттердің мөлшері көбінесе күнкөріс минимумын (бұдан әрі - КМ) анықтауда қандай да бір тәсілдерге байланысты.

Халықаралық тәжірибеде КМ мәні мен шамасын анықтауда адамның ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейтін тауарлар мен қызметтердің белгілі бір минимумын белгілеуге негізделген тәсіл кеңінен қолданылды, бұл елдің дәстүрлері мен климаттық жағдайларына сәйкес тамақтану мен киімге қатысты ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді, одан тыс жерде адамның қалыпты өмір сүру жағдайлары бұзылады.

Әлемдік тәжірибеде КМ мәні өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады және кедейлік шегін анықтау үшін қолданылады, көбінесе **абсолютті кедейлік өлшемі ретінде** әрекет етеді.

Күнкөріс минимумын кедейліктің абсолютті шегі, халықтың әлеуметтік осал санаттарына берілетін әлеуметтік трансферттердің шарттары мен шамасы

деп танитын елдердің көпшілігінде әлеуметтік көмек алу құқығы экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерге сүйене отырып айқындалады.

Халықтың кедейлігі - соңғы онжылдықтардағы әлемдік экономиканың дамуындағы белгілі бір жетістіктерге қарамастан шешілмеген негізгі жаһандық проблемалардың бірі. Тіпті кедейлік ұғымын оны қолдану мақсаттарына байланысты әр түрлі түсіндіруге болады.

Ежелгі заманнан бері адамдар үнемі өздеріне сұрақ қояды: «кедейлік дегеніміз не?» оған жауап ретінде - адамзаттың ең жақсы ақыл-ойы жасаған көптеген анықтамалары. Олардың әрқайсысы дұрыс деп саналуы мүмкін және «кедейлік» ұғымының мәнін көрсетеді.

Яғни, кедейлікті анықтауға әртүрлі көзқарастар мен көзқарастардан келуге болады деген қорытынды жасалады.

Кедейлік - нақты анықтамаға жауап бермейді, дегенмен оның әлеуметтік және экономикалық дыбысы бар. Көбінесе кедейлік сыртқы белгілері бойынша бағаланады: көшеде көптеген қайыршылар, кедей киінген адамдар, жұмыссыз және баспанасыз жүргендер т.б.

Кедейлік таза экономикалық дыбысқа ие. Кедейлік туралы сөздің кең мағынасында отбасының негізгі қажеттіліктері оларды қанағаттандыру үшін қолда бар құралдардан асып түсетінін байқау арқылы айтуға болады. Отбасының қаражаты ағымдағы кірістер, қолда бар жинақтар, трансферттік төлемдер, меншік және т. б. отбасының қажеттіліктеріне келетін болсақ, олар көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде оның мөлшері, адамдардың денсаулығы, отбасы мүшелерінің жасы, еңбекке қабілетті адамдар саны, халықтың белгілі бір әлеуметтік тобына жататындығы т.б.

Мемлекеттік басқаруда, оның ішінде өңірлердің, тіпті тұтас бір елдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде кедейлік мәртебесін анықтау үшін тікелей және жанама маңызы бар әртүрлі көрсеткіштер қолданылады. Кедей адам - кедей адам болғанымен, халықтың қабілетті құрамы туралы айтқанда, олардың өмір сүру деңгейі, күнкөріс деңгейі және т.б. сияқты көрсеткіштерді пайдаланады.

Саясатқа кедейлік ұғымы Ежелгі Римде дамыған түрде енген. Қалалық кедейлердің «пауперс» массасын бақылау биліктің маңызды міндеттерінің бірі болды. Бұл әлеуметтік топтың пайда болуы қоғамдастықтың жойылу процесінде болды. Біріншіден, қауымдастық өз мүшелеріне кедейлікке ұшырамауға көмектесті және сонымен бірге адамның төмен түсуіне жол бермеді. Екіншіден, қауымдастықтың теңестіру тәсілі адамда кедейдің жойқын өзін-өзі тануын тудырмады. Қалада бүкіл әлеуметтік тап ретінде бай бөліктің өмір салтының көрінісі қанағаттандырылмаған қажеттіліктер мен бас тарту сезімін тудырды. Мұндай кедейліктің пайда болуы көбінесе рухани процесс болып табылады. Сондықтан «пауперизация» сөзі сонау XVIII ғасырдан бастап капиталистік экономика теоретиктерінің лексиконына енген.

Дамыған батыс елдерінде орташа өмір сүру деңгейі дамушы елдерге қарағанда жоғары. Сондықтан дамыған батыс елдерінде кедейлік деп саналатын нәрсе артта қалған мемлекеттер үшін сән-салтанат ретінде қарастырылады.

Кедейлік түрлерінің осы негізгі классификациясынан басқа, басқа тәсілдер бар. Осылайша, бастапқы кедейлік (бұл ұтымды үй шаруашылығын жүргізетін, бірақ жеткілікті қаржылық қаражаты жоқ отбасылар) және қайталама кедейлік (жеткілікті қаржылық қаражаты бар, бірақ экономиканы ұтымсыз жүргізуге мұқтаж отбасылар) бөлінеді. Ақырында, «тұрақты» кедейлік «мұрагерлік кедейлік» және «өзгермелі» деп бөлінуі бар (кейбір кедей адамдар өмір сүру деңгейінің жоғарылауына мүмкіндік табады, бірақ сонымен бірге орташа табысы бар адамдар бұзылып, кедейлер санатына енеді).

Бұл тәсіл шеңберіндегі негізгі ұғымдардың бірі - кедейлік мәдениеті. Бұл тәсілдің жақтаушылары кедейлердің ортасы кішіпейілділікке, болашағын құра алмауға және фатализмге негізделген ерекше мәдениетпен сипатталатынын дәлелдейді. Бастапқы әлеуметтену процесінде бұл құндылықтар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп, кедейліктің «мұрагерлігіне» әкеледі.

Кедейліктің тағы бір мәдени түсіндірмесі тәуелділік мәдениеті ұғымын қолданады. Егер кедейлік мәдениетінің теорияларында кедейлердің өздері өздерінің қиыншылықтарының қайнар көзі ретінде қарастырылса, онда тәуелділік мәдениетінің тұжырымдамаларында мемлекет әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларымен осындай қайнар көз болып табылады. Көптеген либералды ғалымдардың пікірінше, дәл осы бағдарламалар кедейлердің өз күштеріне сенуін тоқтатып, қоғамның есебінен паразитке әкеледі.

Кедейлік құбылысының мәдени түсіндірмесін ұстанушылар табандылық, үнемділік және амбиция сияқты қасиеттерді дамытуды қолдайды. Олардың пікірінше, кедейлік мәселесін шешудің бір нұсқасы-мемлекеттік көмекті жою немесе оны айтарлықтай өзгерту (мысалы, өтеусіз жәрдемақылардан адам қоғамдық жұмыстарда жұмыс істеуі керек жәрдемақыларға көшу).

Құрылымдық бағыт теориялары кедейліктің болуын әлеуметтік стратификацияға, экономикалық теңсіздікке және т. б. негізделген қоғамның құрылымдық ерекшеліктерімен байланыстырады.

Ерекше жағдайдың нәтижесі ретінде кедейлік тұжырымдамасын жақтаушылар адамдар мен жалпы қоғамның өмірінде кедейліктің пайда болуы ықтималдығы өте жоғары кезеңдер болады деп сендіреді. Мысалы, бұл қоғамда экономиканың жалпы құлдырауы болған кезде пайда болады. Сонымен қатар, жеке адамдар мұндай жағдайдың пайда болуына жауап бермейді. Бұл жағдайда кедейлік қоғамдағы адамдардың теңсіздігінің және жеке адамдар арасындағы материалдық тауарлардың тең бөлінбеуінің нәтижесінде болады. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін әлеуметтік сақтандыру жүйесін құру қажет.

Басқа тұжырымдама шеңберінде кедейлік халықаралық экономиканың дамуы мен әлемдік жұмыс күші нарығының құрылымындағы өзгерістердің салдары ретінде қарастырылады. Халықаралық корпорациялар арзан жұмыс күші бар елдер мен аймақтарды іздейді, бұл осы инвестицияларды тарту мақсатында көптеген елдер жалақының өсуін жасанды түрде тежейді, бұл халықтың жалпы кедейленуіне әкеледі.

Кедейліктің негізгі себептері қандай болмасын, бір рет пайда болған кезде ол өзін-өзі көбейте бастайды. Ел халқының пайызы кедейлік шегінен төмен немесе оған жақын болған сайын, бұл елдің «кедейлік цикліне» түсу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Өйткені, егер халықтың едәуір бөлігі кедей болса, ол тауарларды сатып ала алмайды, нәтижесінде өндірістік Инвестициялар жетіспейді, бұл экономиканы дамыту және жұмысшылардың жалақысын көтеру мүмкін еместігіне әкеледі.

## **1.2 Тұрғындар табысының артуы экономикалық өсудің маңызды аспектісі ретінде қарастыру**

Экономикалық өсу қоғамды дамыту мен әлеуметтік мәселелерді шешудегі маңыздылығымен бірнеше жүз жылдар бойы зерттелуде. Кез келген мемлекет халқының тұрмыс-жағдайын, әл-ауқатын жақсартуда және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Ал бұл міндетті атқару үшін ұлттық экономиканың, халық шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық дамуына қол жеткізу қажет.

**Экономикалық өсім** қоғамдық еңбек нәтижесін, оның өнегелік, рухани сипаттамаларын көрсетеді. Бұл — экономикалық өсім көрсеткішінің қайнар көзі.

**Экономикалық өсімнің мақсаты** — адамдардың материалдық және рухани қажеттіктерін қамтамасыз ету, қоғам дамуындағы өнегелік негіздерін күшейту. Адамдардың білімі мен дағды-тәжірибесі, қабілеті мен ұмтылыстығы адамдар капиталын құрайды.

Бұл адамдардың алдағы өмір жағдайы дәрежесінің жоғары болуына кепіл болып табылады.

Экономикалық өсудің негізгі мақсаты материалдық әл-ауқаттың жоғарлауы болып табылады, оның құрамына кіретіндер: орта есеппен бір адамға келетін ұлттық табыстың өсуі. Ұлттық табыстың халықтың әр топтараның арасында бөлінуін жақсарту. Шығарылған тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартып, түрлерін көбейту. Осыған сәйкес, шын байлықпен айналысушы саланы экономика «ойкос - шаруашылық, номос - заңдылық, яғни шаруашылықты жүргізу» қағидасын жатқызуға болады.

Экономикалық өсу жалпы әл-ауқатының дамуымен байланысты: өмір сүру ұзақтығының өсуі, медициналық қызмет көрсету сапасы, білім беру деңгейі, жұмыс күнінің ұзақтығының қысқартылуы және т. б. экономикалық өсімнің экстенсивті және интенсивті факторларын ажыратады [10].

Демек, жан басына шаққандағы табыстың артуы: мемлекет экономикасындағы ЖІӨ өсіміне, жаңа инвестициялық жобалардың тартылуына, өндіріс көлемінің артуына, халықтың тауарлар мен қызметтерді сатып алу мүмкіндігінің кеңеюіне, білімді ұлт пен сапалы медицинаға, спортпен шұғылдануына қол жеткізу мүмкіндіктерінің тууына, қылмыстардың төмендеуіне, бюджеттің кіріс бөлігінің артуына, ең бастысы қандайда болмасын мемлекеттегі кедейліктің азаюына және әлемдік рейтингтегі

мемлекеттің алдыңғы орындарда болуына алып келетін факторлардың бірі болып табылады.

### **1.3 Мемлекеттік басқарудағы ең төменгі күнкөріс деңгейін қолданудың шетелдік тәжірибесі**

#### **ГФР**

Мемлекет материалдық көмек ретінде халықтың мұқтаж топтарына, мысалы: жұмыссыздарға ең төменгі күнкөріс деңгейін төлеуге міндет алған.

Бұл соманы төлеудегі басты мақсат күнделікті қажеттіліктер мен тамақтануға бағытталған. Яғни, күнкөріс деңгейі медициналық қызметтерге, коммуналдық төлемдерге және т.б. төлеуге арналмаған. Германияда бір жыл ішінде жұмыссыздық бойынша төленетін жәрдемақы (ең төменгі жалақының 60% құрайды).

Алайда, егер адам объективті себептерге байланысты ұзақ уақыт жұмыс істемесе, онда ол тек қана 331 еуроны құрайтын әлеуметтік төлемге ғана сене алады. Сондай-ақ, Бундестагтың «Балаларға арналған жәрдемақы туралы» Федералды Заңы әлеуметтік төлемдердің мөлшерін қатаң мөлшерде белгілейді: Балаға ай сайынғы төленетін жәрдемақы мөлшері [11]:

- бірінші және екінші балаға - 204 еуро;
- үшінші балаға - 210 еуро;
- төртінші және әрбір қосымша балаға - 235 еуро.

#### **АҚШ**

АҚШ - тағы ең төменгі күнкөріс деңгейі Штаттардағы ең төменгі жалақымен анықталады, ол белгіленген шама болып табылады және елдің заңнамасымен белгіленеді.

Тұтыну себетіне келетін болсақ, Америкада алдын-ала есептеулердің болуымен тікелей байланыс жоқ.

Сонымен қатар, АҚШ-та «күнкөріс деңгейі» ұғымының өзі жоқ екенін атап өткен жөн, яғни ол ең төменгі жалақы мөлшерінде анықталады.

АҚШ-та нәтижені есептеу де жоқ: отбасының барлық мүшелері орташа есеппен қанша жалақы алады, қанша адам жәрдемақы мен әртүрлі әлеуметтік төлемдерге ие және әр адамға қанша айлық сома келеді.

АҚШ-та 2020 жылы ең төменгі жалақы сағатына 7 доллар 25 центке тең болды. Осылайша, бір жыл ішінде жұмыс істейтін адам бес күндік жұмыс аптасында және сегіз сағаттық жұмыс күнінде шамамен 15 100 доллар табады[12].

#### **Жапония**

1949 жылы қабылданған Жапония Конституциясы азаматтардың ең төменгі деңгейде толыққанды және лайықты өмір салтын жүргізу құқығын бекітеді және мемлекет адамдардың өмірінің барлық аспектілерін қамтитын әл-ауқатты, әлеуметтік қамсыздандыруды және мемлекеттік денсаулық сақтауды арттыру және нығайту бойынша шаралар қабылдауы міндеттелген.

1948 жылы тұтыну себетінің әдісі қабылданды. 1961 жылдан бастап күнкөріс деңгейі тамақтану жағдайына байланысты есептелді.

Қазіргі қолданыстағы әдіс өмір сүрудің орташа деңгейімен күнкөріс деңгейінің тиісті арақатынасын қамтамасыз етуге арналған. Сондықтан күнкөріс деңгейі тұтыну деңгейіне байланысты түзетіледі.

Әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім тексеру нәтижелері мен ең төменгі күнкөріс деңгейінің көрсеткішін ескере отырып кешенді түрде қабылданады [13].

## **РФ**

2000 жылдан бастап жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейі және жалпы Ресей Федерациясындағы және Ресей федерациясының құрылтай субъектілеріндегі халықтың негізгі әлеуметтік-демографиялық топтары тоқсан сайын «Ресей Федерациясындағы ең төменгі күнкөріс туралы» Федералдық заңға сәйкес Ресей Мемстатының тұтынушылық себеті мен деректері негізінде есептеледі.

Сонымен қатар, күнкөріс деңгейі кедейлік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Төлемдердің басқа түрлері негізінен қатты мөлшерде бекітіледі. Мысалы: «Балалары бар азаматтарға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Федералды заңда әлеуметтік төлемдердің мөлшері нақты мөлшерде анықталған:

- әскери қызметшінің баласына ай сайынғы жәрдемақы – 6 мың рубль;
- бала туылған кездегі біржолғы жәрдемақы – 8 мың рубль.

«Ресей Федерациясының жекелеген заңнамалық актілеріне ана (отбасы) капиталын басқаруға байланысты мәселелер бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 1 наурыздағы Федералдық заңға өзгерістер енгізілді, соның арқасында:

- 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірінші бала дүниеге келген (асырап алынған) отбасыларға аналық отбасылық капиталды алу құқығы берілді – 466,6 мың рубль;
- мұндай отбасыларда екінші бала туылған (асырап алған) жағдайда -150 мың рубль;
- туылған (асырап алған) кезде 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап екінші бала немесе одан кейінгі балалар – 616,6 мың рубль төленеді [14].

## **Беларусь Республикасы**

Беларусь Республикасының «Беларусь Республикасындағы ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы» Заңында ең төменгі күнкөріс деңгейін айқындаудың және оны пайдаланудың құқықтық негізі белгіленген .

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің бюджеті Әлеуметтік норматив ретінде халықтың өмір сүру деңгейін талдау және болжау, аз қамтылған азаматтарға (отбасыларға) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету, ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік-еңбек кепілдіктерін негіздеу үшін пайдаланылады.

Жан басына шаққандағы орташа күнкөріс деңгейінің бюджеті заңнамаға сәйкес ең төменгі еңбек және әлеуметтік зейнетақылардың, үстемеақылардың, зейнеткерлікке көтерілулердің және егде жастағы адамдарға төленетін қосымша ақылардың, жәрдемақылардың кейбір түрлерінің және т. б. мөлшерін айқындау кезінде қолданылады [15].

## **ҚХР**

Қытайдағы әлеуметтік көмек қалалық және ауылдық жерлердегі кедей азаматтар мен олардың отбасыларын ғана қамтиды және ең төменгі күнкөріс шығындарын қамтамасыз етуге бағытталған.

1999 жылға қарай Қытай үкіметі қала тұрғындары үшін әлеуметтік көмекті анықтау критерийі ретінде барлық ірі және орта қалаларда «ең төменгі күнкөріс деңгейін» белгіледі [15].

Мысалы: 1999 жылы Бейжіңдегі ең төменгі күнкөріс деңгейі 250 юань болды. Отбасы мүшесіне 250 юаньнан аз ай сайынғы табысы бар адамдар кедей болып саналады. Олар әлеуметтік көмектің мақсатты тобына кіреді және әлеуметтік көмек қоры оларға айырмашылықты жабу үшін қаражат бөледі [16].

## **ТМД Мемлекеттері**

Достастықтың көптеген елдеріндегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің құрамы заңнамалық тәртіппен белгіленеді. Қазіргі уақытта ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы Нормативтік құқықтық актілер Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Украинада қабылданған. Молдовада үкіметтің «ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу тәртібі туралы» Қаулысы жұмыс жасауда.

Үкімет күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар барлық адамдарға қаржылық қолдау көрсете алмайтын бірқатар елдерде халықтың ең кедей бөлігін бағалаудың қосымша критерийлері қолданылады. Мысалы: Әзірбайжанда атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін жыл сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамамен 80% құрайтын «қажеттілік критерийі» бекітіледі.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украинадағы кедей халықтың санын бағалау критерийі ретінде қолданылады. Әзірбайжан, Армения, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстанда осы мақсаттар үшін кедейлік шегі (сызығы) қолданылады.

Кедейлік шегі бірнеше мағынаға ие:

төтенше кедейлік шегі (желісі), (кедейліктің азық-түлік желісі) жан басына шаққандағы тәуліктік физиологиялық норманы қамтамасыз ететін азық-түлік себетінің құнын есептеуге негізделген: Арменияда-2232 ккал, Қырғызстанда-2100 ккал, Молдовада-2282 ккал, Тәжікстанда-2250 ккал;

Кедейліктің жалпы сызығы (сызығы) - азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерді ескере отырып, тұтынудың ең төменгі деңгейін білдіреді [17].

## **Литва Республикасы**

2023 жылдың 22 мамыры мен 03 маусымы аралығында Литва мемлекетінің астанасы Вельнюс қаласында орналасқан Миколас Ромирес Университетінің қабырғасында өткен тағылымдама барысында тұрғындар табысына қатысты дереккөздермен таныстым.

2022 жылы Литвадағы орташа жалақы мөлшері 2020 еуроны, ал ең төменгі жалақы мөлшері 840 еуроны құраған.

Сондай-ақ, бір сағаттық жұмысқа төленетін ең төменгі жалақы 5,14 еуродан төмен болмауы тиіс.

Ал, 2022 жылы елдегі ең төменгі кедейшілік деңгейі 260 еуроны құрады, бүгінгі күні Литваның кедейшілік шегіндегі адамдарының үлесі 3,9 % қалыптастыруда.

Литва мемлекетінде адамның немесе отбасының табыстары төмен болса, оларға 172 еуро көлемінде ай сайынғы әлеуметтік жәрдемақы төлеу көзделген. Дегенмен, әлеуметтік жәрдемақы заңмен босатылған жұмысқа қабылетті адамдарға немесе өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға 6 ай мерзімнен аспайтын уақытқа төленеді.

Литва мемлекетінде өмірге келген әр балаға 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 100 еуро көлемінде жәрдемақы төлеу қарастырылған.

Сонымен қатар, Литвадағы жұмыссыздық жойып, адамдарға табыс көзін қарастыру мақсатында таңнан күн батқанға дейін емес, сәйкесінше сағат бөліп жұмыс жасау мүмкіндігі берілген.

Мысалы үшін: автобус жүргізушілері, супермаркет қызметкерлері таңғы 5.00 ден – 15.00 ге дейін бір жүргізуші, 15.00 ден түнгі 00.00 ге дейін екінші жүргізуші.

Өткен жылы Литва мемлекетінің шоғырланған бюджеті 19,3 млн еуроны құраса, оның 4,849 млн еурасы немесе 25,1% әлеуметтік салаға бағытталған.

Жалпы елдегі әлеуметтік көмектер мен қолдаулар келесідей жағдайларда нақты кедейшілік, үй жайының болмауы, мүгедектік, табиғи апаттар кезінде жергілікті муниципалитеттің шешімі негізінде көрсетіледі.

Литва мемлекетінде халықтың басым бөлігі қызмет көрсету саласында, 68%, өңдеу өнеркәсібінде 26%, ауылшаруашылық саласында 7% жұмыс істейді.

Адами капиталдың даму индексі 0,875-ті немесе әлемдік елдер арасында 35 орынды иеленуде.



Жалпы халықтың жұмыссыздық деңгейі 3,7% құрап отыр. Литва мемлекетінде адамның коммуналдық қызметке ақы төлеу мүмкіндігі болмай қалса немесе қарызды өтеу туралы сот шешімі шығарылса, мемлекет тарапынан өтемақы түріндегі жәрдемақы алу мүмкіндігі қарастырылған.

## Зерттеу әдістері

### 2. Ең төменгі күнкөріс деңгейін арттырудың тиімділігін қамтамасыз ету бойынша іске асырылатын шаралар кешенін зерделеу

#### 2.1. Тұрғындардың табысын арттыру бағдарламасына шолу жасау, қолданыстағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің пайдалану аясы мен есептелу жолдарын талдау және бағалау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысына сәйкес, «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары бекітілді.


Бағдарламаға сәйкес 2022 жылғы 3 тоқсандағы жағдай бойынша табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен (кедейлік деңгейі) халықтың үлесі 5,3% құрады. Халықтың табысы 2017 жылы 2,6% дан 2020 жылы 5,3% дейін ең төменгі КМ-нен төмен табыс алатыны орын алуда [18].



1-сурет – Кедейшілік деңгейінің он жылдық динамикасы

Ескертпе – Автор [18] деректері негізінде жасаған

Бұл ретте 13 өңірде (Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Астана қ., Алматы қ., Шымкент қ.) 2019 жылдан бастап күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халық үлесінің өсуі орын алуда.



## 2-сурет – Ең төменгі күнкөріс минимумынен төмен табысы бар өңірлер

Ескертпе – Автор [18] деректері негізінде жасаған

Осылай, 9 өңірде (Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Алматы қ. және Шымкент қ.) көрсеткіш орташа республикалық деңгейден жоғары (5,2% және одан жоғары).

ЖІӨ құрылымында басқа елдермен (Ресейде 39,8%, АҚШ-та 53%, ЕО-да 47,0%) салыстырғанда 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте жұмысшылар еңбекақысының төмен үлесі байқалуда – 30,1%.

Бұл еңбекақы төлеудегі сәйкессіздіктерге, жасырын жұмыссыздықтың болуына және соның салдарынан жұмыс істейтін кедейлер санының өсуіне байланысты (Қазақстан – 32,7%, Әзірбайжан – 39,7%, Ресей – 30,7%, Греция – 13,4%) байланысты проблемалардың болуына негізделген [19].

Халық табысының ағымдағы жай-күйінің келеңсіз үрдісі байқалуда. Номиналды табыстың 2010 жылғы 39,2 мың теңгеден 2022 жылғы 3-тоқсандағы 152,5 мың. теңгеге дейінгі оң серпініне қарамастан, халықтың нақты табысының өсу қарқыны төмендеп барады (2019 жылы 6,4%, 2020 жылы 4,3%, 2021 жылы 4,1%, 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте 3,5%). Бұл экономикалық өсудің баяулауына (2020 жылы 2,5%, 2021 жылы 4,3%, 2022 жылдың 11 айында 2,7%) және 2023 жылы сақталатын жоғары инфляциялық қысымға (2020 жылы 7,5%, 2021 жылы 8,4%, 2022 жылдың желтоқсанында 20,3%) байланысты. Бұл ретте 2022 жылғы желтоқсандағы азық-түлік инфляциясы 25,3%-ды құрағанын және халықтың төлем қабілеттілігіне айтарлықтай әсер ететінін ерекше атап өткен жөн [21].



## 3-сурет – Номиналды және нақты табыс динамикасы

Ескертпе – Автор [18] деректері негізінде жасаған

Өңірлер арасында ЖӨӨ бойынша алшақтық сақталып отыр. Мысалы, егер ЖӨӨ деңгейі бойынша 2010 жылы Алматы қаласы Солтүстік Қазақстан облысынан 8,7 есе көп болса, 2022 жылы алшақтық 10 есе мөлшерге жетті.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша өңірлік теңсіздіктегі алшақтық одан да жоғары. Мысалға: Атырау облысында бұл көрсеткіш 2022 жылы Түркістан облысы бойынша көрсеткіштен 17 есеге көп болды.

Нақты табыстың тұрақты оң серпініне қарамастан (2015-2016 жж.қоспағанда), 9 өңірде (Түркістан, Қостанай, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Жамбыл облыстары және Шымкент қ.) еңбек табысының төмен болу проблемасы байқалады, соның салдарынан өзін-өзі жұмыспен қамтудың үлесі жоғары болып отыр [22].

1-кесте – Жалпы өңірлік өсім 2015-2021 жылдар аралығы

2015-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАЛПЫ ӨҢІРЛІК ӨСІМ							млн. теңге
	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
	1	2	3	4	5	6	7
<b>Республика</b>	40 884,1	46 971,1	54 378,9	61 819,5	69 532,6	70 649,0	83 951,6
Ақмола	1 121, 0	1 344, 3	1 552, 7	1 699,9	1 933,6	2 283, 9	2 678, 1
Ақтөбе	1 769,2	2 071, 1	2 341, 9	2 708, 4	2 974, 4	2 956, 9	3 586, 2
Алматы обл	1 976,0	2 190, 0	2 472, 0	2 795, 1	3 246, 1	3 731, 0	4 606, 8
Атырау	4 216, 7	5 200, 7	5 947, 7	7 818, 8	9 327, 3	7 738,3	10 627,6
БҚО	1 709, 9	2 032, 7	2 337, 5	2 790, 6	2 946, 4	2 735, 9	3 533, 0
Жамбыл	1 014, 5	1 182, 8	1 350, 7	1 532, 1	1 712, 9	1 901, 4	2 262, 7
Қарағанды	3 107, 1	3 712,0	4 284,4	4 734, 4	5 388, 3	6 099, 8	7 446, 3
Қостанай	1 378, 3	1 522,3	1 850, 3	2 069, 3	2 451, 7	2 872, 2	3 516, 2
Қызылорда	1 164, 8	1 308, 3	1 430, 9	1 647, 0	1 828, 9	1 645, 1	1 926, 0
Маңғыстау	2 123, 8	2 463, 4	3 296,1	3 803, 0	3 685, 4	3 074, 4	3 627, 0
ОҚО	2 508, 4	2 789, 2	3 187, 7	-	-	-	-
Павлодар	1 736, 1	1 975, 5	2 369, 3	2 746, 6	3 029, 6	3 120, 1	3 883, 8
СҚО	837 179,9	918 236,9	1 113, 9	1 212,0	1 382, 3	1 571, 9	1 790, 7
Түркістан	-	-	-	1 659, 9	2 016, 1	2 384, 1	2 808, 0
ШҚО	2 311, 4	2 793, 9	3 174,8	3 589, 3	4 024, 9	4 605, 5	5 063, 6
Астана қ	4 809,6	4 865, 3	5 775 ,6	6 705, 9	7 834, 8	7 975, 3	8 923, 7
Алматы қ	9 100,0	10 601,3	11 893,3	12 132,6	13 546, 9	13 459, 8	15 000,0
1-кестенің жалғасы							

Шымкент қ	-	-	-	2 174,1	2 202,9	2 493,2	2 671, 5
Ескертпе – Автор [18, 20] деректері негізінде жасаған							

Бұған қоса, еңбек табысы салыстырмалы түрде жоғары екеніне қарамастан, 4 өңірде (Атырау, Маңғыстау, Астана қ, Алматы қ.) нақты табыстың өсуінің тұрақсыздығы проблемасы байқалады. Қалған 4 өңірде (Қарағанды, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда) нақты табыстың тұрақты өспеуі, еңбек табысының төмен болуы, өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары болуы және халықтың көшу проблемасы орын алуда [23].

2-кесте – Табыстар, көші-қон, жұмыссыздық деңгейі туралы кесте

Өңір атауы	2010-2020 жылдар аралығындағы нақты табыстың жылдық индексі	Орташа еңбекақы 2020 жыл	Өзін-өзі қамтығандар %	Көші-қон	Жұмыссыздық 2021 жыл 4 тоқсан
1	2	3	4	5	6
ҚР	<b>104,3</b>	<b>213 003</b>	<b>23,4</b>	<b>-0,1</b>	<b>4,9</b>
Шымкент	2,3	<b>-24,3</b>	<b>30,7</b>	1,1	<b>5,0</b>
Қостанай	1,9	<b>-19,6</b>	<b>28,8</b>	-0,6	4,8
Алматы обл	1,6	<b>-21,0</b>	<b>28,0</b>	-0,8	4,8
Ақмола	1,1	<b>-21,0</b>	<b>31,5</b>	-0,7	4,8
СҚО	1,0	<b>-26,1</b>	<b>26,0</b>	-0,8	4,8
ШҚО	0,9	<b>-10,7</b>	<b>29,0</b>	-0,9	4,8
Қарағанды	0,9	<b>-4,3</b>	10,3	-0,6	4,6
Жамбыл	0,9	<b>-26,4</b>	<b>34</b>	-1,0	4,9
Павлодар	0,9	<b>-12,0</b>	15,4	-0,6	4,8
Атырау	<b>-2,3</b>	72,7	12,1	-0,2	4,8
Маңғыстау	<b>-2,7</b>	49,1	5,5	0,5	4,9
Астана	<b>-3,3</b>	42,0	11,7	2,1	4,6
Алматы	<b>-3,5</b>	16,4	8,5	2,0	<b>5,1</b>
Ақтөбе	<b>-1,0</b>	<b>-14,1</b>	14,6	<b>-0,2</b>	4,8
Түркістан	<b>-0,1</b>	<b>-25,5</b>	<b>45,9</b>	<b>-1,0</b>	<b>5,1</b>
1	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>
БҚО	<b>-1,3</b>	<b>-8,3</b>	<b>27,6</b>	<b>-0,4</b>	<b>5,0</b>
Қызылорда	<b>-2,0</b>	<b>-16,4</b>	<b>33,6</b>	<b>-0,6</b>	4,9
Ескертпе – Автор [18, 19, 20] деректері негізінде жасаған					

Қала мен ауыл тұрғындарының табыс құрылымындағы басты айырмашылық – еңбек қызметінің сипатында.

Қала халқының табысы 65,6% жалдау жұмысынан түскен табыстардан және 7,4% жалдамалы емес жұмыстан (яғни, өз бетінше жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен) түскен табыстардан құралады.

Ауыл тұрғындарының негізгі табыс көзі 60,8% жалдамалы жұмыстан түсетін табыстан және 13,7% жалдамалы емес жұмыстан түскен табыстан тұрады (2022 жылғы 3 тоқсан бойынша деректер). Осылайша, өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін табыс үлесі салмағының неғұрлым жоғары болуы қала тұрғындарына қарағанда, ауылдық жерлерге тән.

Халық табысының тең бөлінбеу үрдісі бар. Үй қожалықтарының нақты табысының төмендеуі табыс деңгейі ең төмен топтарға әсерін тигізіп, табысы жоғары топтарға мүлдем әсер етпеген. Сондай-ақ, кедейшілік мәселесі мынадай мәселелермен күрделене түседі: Теңсіздіктің өсуі. Теңсіздіктің өсуі мен орташа және медиандық жалақы арасындағы алшақтықтың артуы байқалады, ол 1,5 есені құрап отыр (ЭЫДҰ елдерінде алшақтық 1,13-ті құрайды).



4-сурет – Медиандық және орташа номиналды табыс айырмасы

Ескертпе – Автор [18, 20] деректері негізінде жасаған


Табысты квинтильдік топтар бойынша бөлу 5-ші кірістер тобының (табысы жоғары халық) жалпы табыс жиынтығы үлесінің ұлғаюы есебінен 2-ші, 3-ші квинтильдік топ табысының үлесі азайғанын көрсетеді, бұл халықтың кірістер топтары арасындағы табысты бөлуде салыстырмалы мәнде теңсіздіктің бар екенін білдіреді [24].



## 5-сурет – Халық табысындағы шоғырланған үлес

Ескертпе – Автор [18, 20] деректері негізінде жасаған

2022 жылғы 3-тоқсанда табысы ең жоғары 20% халықта (3,8 млн адам бай адам) 39,0%-ға дейінгі табыс (2010 жылы – 37,94%), табысы ең төмен 20% халықта (3,8 млн. халықтың кедей тобы) табыстың 9,91%-ы (2010 жылы – 9,43%) шоғырланған. Халықтың қалған 60%-на жалпы табыстың 51,1% келеді. Жұмыс істейтін кедей топтағы халықтың өсуі (жалдамалы жұмысшылар арасындағы кедейшіліктен құралуда). Халық табысының құрылымын талдау соңғы 10 жылда халықтың еңбек табысының үлесі 7,3 пайыздық тармаққа төмендегенін көрсетіп отыр (2010 жылғы 71,3%-дан 2022 жылғы үшінші тоқсанда 64%-ға дейін), ал әлеуметтік трансферттердің үлесі 7,2 пайыздық тармаққа өскен [25].



## 6-сурет – Халықтың ақшалай табысының құрылымы, %

Ескертпе – Автор [18, 20] деректері негізінде жасаған

2015 жылдан бастап әлеуметтік трансферттердің өсуі (5,9 пайыздық тармақтан 22,5% дейін) мемлекет бюджетіне жүктемені күшейткен.

Қазақстан Республикасы бойынша 2020-2022 жылдары жасына қарай төленген зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларға жұмсалған бюджеттік шығыстардың көлемі

3-кесте – ҚР ЕХӘҚМ-мен жұмсалған қаржылық шығындар

№	Шығыстардың атауы	2020 жылы жұмсалған қаржылай	2021 жылы жұмсалған қаржылай	2022 жылы жұмсалған қаржылай

		қаражат көлемі	қаражат көлемі	қаражат көлемі_МЫҢ ТЕҢГЕ
	1	2	3	4
<b>3 - кестенің жалғасы</b>				
1	Жасына қарай мемлекеттік базалық зейнетақы	<b>772 286 708</b>	<b>819 324 412</b>	<b>872 251 646</b>
2	Мүгедектігі бар адамдарға төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар ( <i>барлық топтар</i> )	<b>291 780 979</b>	<b>310 577 339</b>	<b>332 905 560</b>
3	Асыраушысынан айырылуына байланысты төленетін мемлекеттік жәрдемақы	<b>75 041 147</b>	<b>81 330 984</b>	<b>89 223 697</b>
4	Мүгедектігі бар баланы бағушы ата-анасына, қамқоршысына төленетін мемлекеттік жәрдемақы	<b>49 608 160</b>	<b>54 786 214</b>	<b>61 882 396</b>
5	Бала кезінен 1 топ мүгедектігі бар адамды бағып отырған отбасына немесе азаматқа төленетін мемлекеттік жәрдемақы	<b>7 984 925</b>	<b>8 062 489</b>	
	18 жастан жоғары 1 топ мүгедектігі бар адамды бағып отырғаны үшін төленетін арнайы мемлекеттік жәрдемақы ( <i>1 қаңтар 2022 жылдан бастап</i> )			<b>24 679 777</b>
6	АӘК: кедейшіліктің 70% деңгейінде	<b>75 340 147</b>	<b>57 540 248</b>	<b>69 570 006</b>
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>1 272 042 066</b>	<b>1 331 621 686</b>	<b>1 450 513 082</b>
Ескертпе – Автор [19] деректері негізінде жасаған				

Өнімсіз жұмыспен қамтудың жоғары үлесі. Бүгінде жұмыс істейтін халықтың едәуір бөлігі (4,9 млн. адам) өнімділігі төмен еңбекпен айналысады және табысы төмен. Бұл ретте 3 млн жалдамалы жұмыскер жалақысы аз, өнімділігі төмен салаларда жұмыс істейді.

Бұл экономикада жоғары деңгейдегі дағдыларды талап етпейтін жұмыс орындарының құрылуымен түсіндіріледі, мұның өзі өнімділік пен еңбекақы төлеуге әсерін тигізеді.

Оның себебі табыстың өсуінде айтарлықтай әлеуеті бар өңдеу өнеркәсібінің, әсіресе жоғары технологиялық кәсіпорындардың (жоғары өнімдерді шығаратын) нашар дамуында болып отыр. Осыған байланысты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін, оның ішінде өнімділігі жоғары жұмыс орындарын құру арқылы жұмыс күші дағдыларын арттыру талап етіледі.



Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасындағы кедейшілік азаматтардың басым бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтудан жеткілікті табыс ала алмай отыр. 2022 жылғы Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2,1 млн-нан астам адам тіркелген, олардың 49,5%-ы айына 100 мың теңгеден аз табыс табады, 3,4%-ның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіненде төмен.

Бұл ретте 3,9 млн. жалдамалы жұмыскер жалақысы аз, өнімділігі төмен салаларда жұмыс істейді.

Тұтастай алғанда, нақты табыстың тұрақты өспеуі, еңбек табысының салыстырмалы түрде төмен болуы, өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары болуы және халықтың кетуі болашақта нақты табыстың өсуі жөніндегі мақсаттарға қол жеткізбеу тәуекелдері алып келу тәуекелі бар.

Сондықтан бағдарлама қазақстандық азаматқа, оның әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Негізгі мақсат ретінде азаматтардың, оның ішінде ауыл тұрғындарының табыс деңгейін арттыру өзектілігі қойылуда.

Бағдарлама бюджет пен кәсіпорындар есебінен жалақыны тікелей арттыруға ғана емес, сонымен қатар адами капиталды дамытуға, кәсіби дағдыларды арттыруға, еңбек өнімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын алатын орта және ірі кәсіпорындардың жалақыны арттыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша ортақ жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Тиімділік пен атаулылықты арттыру мақсатында халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың проактивті форматының тетігі енгізілуде.

Әзірленген шаралар әрбір өңірде және әрбір азамат үшін әл-ауқат пен өмір сүру сапасын арттыруға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жеке секторды тартуды жандандыруға, сондай-ақ мониторингті жақсартуға, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Кешенді жоспарды іске асыру мынадай негізгі 5 бағыт бойынша іс-шараларды қамтиды:

1) өңірлік жұмыспен қамту карталары шеңберінде экономиканың нақты секторында жұмыс орындарын құру;

2) «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру шеңберінде ауыл халқының табысын арттыру;

3) табыс деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін жүйелі шаралар және мемлекеттік қолдау шаралары;

4) бюджеттен төленетін жалақыны арттыру жөніндегі міндеттемелер

5) халықты мемлекеттік әлеуметтік қолдау.

Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде 2029 жылға дейін 3,3 млн-нан астам адамды, оның ішінде 2,3 млн. жастарды жұмысқа орналастыру көзделсе, ЖІӨ-дегі еңбекақы төлеу үлесі 41,1%-ға дейін ұлғаяды (30,1%-дан), кедейшілік деңгейі 5%-ға дейін (5,3%-дан), жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ға (4,9%-дан) дейін төмендеу жоспарлануда.

Жалпы бағдарламада келесідей 10 басымдық белгіленді:

- 1) Ел дамуының негізі – жұмысшы жастар;
- 2) Халықтың әлеуметтік осал топтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастырудың жаңа мүмкіндіктері;
- 3) Бюджет жұмыскерлеріне лайықты жалақы;
- 4) Еңбек кірісіндегі теңгерімсіздіктерді жою;
- 5) Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтуды арттыру;
- 6) Туризмдегі жұмыспен қамтуды арттыру;
- 7) Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде жаппай жұмыспен қамту;
- 8) Өңдеу өнеркәсібінде тиімді жұмыспен қамтуды дамытуды ынталандыру;
- 9) Халықтың табысын арттыру факторы ретінде кәсіпкерлік кірістің өсуін ынталандыру;
- 10) Табыстың сатып алу қабілетін қорғау.

Бағдарлама шеңберіндегі шараларды шартты түрде тікелей және жанама деп бөлуге болады.

Тікелей шаралар бюджет саласы жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге және кірістердегі теңгерімсіздікті теңестіруге бағытталған.

Жанама шаралар халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, кәсіптік даярлау (қайта даярлау), өңдеуші кәсіпорындардың өнімділігін арттыру және кәсіпкерлікті дамыту арқылы табыстың өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Бағдарлама 80 шараны көздейді, олар келесідей негізгі бағыттарға өзекті деп таниды:

- 1) халықтың еңбек табысының артуы;
- 2) кең ауқымды жұмыспен қамтуды дамыту арқылы халықтың табысын арттыру;
- 3) азаматтардың сатып алу қабілетін арттыру мен қорғау [26].

Қазақстан Республикасында ең төменгі күнкөріс деңгейінің қолданылуы аясы төмендегідей бағыттарды көздейді.

- 1) Жасына қарай базалық зейнетақыны есептеу;
- 2) Мүгедектігі бойынша: бала кезінен мүгедек, еңбек мертігуі, жалпы аурулар және т.б. (I, II және III топ бойынша мүгедектігі бар азаматтарға) төленетін жәрдемақыларды есептеуде;
- 3) Асыраушысынан айырылу бойынша: (алты түрлі мөлшерде) жәрдемақыларды есептеуде;
- 4) мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі мемлекеттік жәрдемақыны есептеуде;
- 5) бірінші топтағы мүгедекке күтім жасау жөніндегі жәрдемақыларды есептеуде;
- 6) Атаулы әлеуметтік көмектер (АӘК): кедейлік шегінен 70% мөлшерінде есептеулерде қолданылады [27 заңнама].

«Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ең төменгі күнкөріс минимумы

(бұдан әрі - КМ) әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттардың бірі болып айқындалған.

КМ шамасын базалық әлеуметтік индикатор ретінде пайдалануға көшу Қазақстанда ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып жүзеге асырылды.

КМ анықтау әдістемесі 2006 жылы қайта қаралды, нәтижесінде КМ құрылымында азық-түлік себетінің үлесі 70-тен 60% - ға дейін қысқарды және тиісінше Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің үлесі 30-дан 40% - ға дейін ұлғайды, сондай-ақ азық-түлік себетінің азық-түлік жиынтығы екі есеге ұлғайды (20-дан 43 атауға дейін), нәтижесінде оның жан басына шаққандағы **орташа энергетикалық құндылығы 1175-тен 2175 ккал-ға дейін өсті.**

Бұл КМ шамасының 30% - ға өсуіне алып әкелді.

Бұдан басқа, Қазақстанда, әлемдік тәжірибедегідей, статистикалық байқау мақсаттары үшін тұтыну тауарлары мен қызметтерінің жиынтығы 510 атаудан тұрады, олардың тізбесі Статистика комитетінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 135 бұйрығымен бекітілген [28].

Халықаралық және Ұлттық сарапшыларды тарта отырып, елде жүргізілген зерттеулердің қорытындылары бойынша Қазақстанда пайдаланылатын КМ шамасын айқындау әдістемесі халықаралық талаптарға сәйкес деп танылды. Бұл ретте, азық-түлік себетінің құрамына және оның құрылымына кейбір өзгерістер енгізу ұсынылған.

Елдің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қазақстандықтардың нақты тұтыну шығындарына сәйкес келетін КМ қайта қарау қажеттілігі туралы КМ шамасының құрылымы қайта қаралды [29].

Сонымен, КМ-нің азық-түлік емес бөлігінің үлесі 40%-тан 45% дейін артты. Бұл ретте, азық-түлік себеті күніне **2 175 ккал жан басына шаққандағы** орташа энергетикалық құндылықты қамтамасыз етуді жалғастыруда.

Бұл КМ шамасының 2017 жылғы 24 459 теңгеден 2018 жылы 28 284 теңгеге дейін ұлғаюына алып келді және 3 млн азаматтың табысының сәлде болса артуына әсер етті.

Бұл мақсатта 3 млн. азаматқа Республикалық бюджеттен қосымша 386 млрд. теңге бөлінді.

Бұдан басқа, 2018 жылы атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) көрсету критерийі ретінде белгіленетін кедейлік шегі КМ шамасынан 40% - дан 50% - ға дейін ұлғайтылды.

Тиісінше, АӘК төлеуге арналған шығыстар 2018 жылы 28 млрд.теңгені құрады немесе 2017 жылмен салыстырғанда 35 есеге ұлғайды.

2019 жылғы сәуірден бастап кедейлік шегі КМ-нің 70% мөлшерінде белгіленді және жүргізілген реформаны ескере отырып, АӘК жүйесінде қосымша республикалық бюджеттен 205 млрд.теңгеден астам қаражат бөлінді.

4-кесте – Республикалық және өңірлік КМ динамикасы

Жыл	Республикалық бюджет туралы заңда бекітілген КМ мөлшері	Статистика органдарымен есептелген КМ мөлшері	Ауытқулар+/-
2012	17 439	16 815	+ 624
2013	18 660	17 789	+ 871
2014	19 966	19 068	+ 898
2015	21 364	19 647	+ 1 717
2016	22 859	21 612	+ 247
2017	24 459	23 783	+ 676
2018	28 284	27 072	+ 1 212
2019	29 698	29 342	+ 356
2020	32 668	33 015	- 347
2021	34 302	37 266	- 2 964
2022	37 389	42 609	- 5 220

Ескертпе – Автор [19,20] деректері негізінде жасаған

2020 жылы елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты КМ мөлшері 10% - ға немесе 2019 жылы 29 698 теңгеден 2020 жылы 32 668 теңгеге дейін ұлғайтылды (жыл басынан бастап 5% - ға және мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап тағы 5% - ға).

Тиісінше, КМ-мен есептелген әлеуметтік төлемдер мөлшері қосымша

Жыл сайын инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, мүгедектігі бар балаға және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды белгілеу үшін негіз болып табылатын ең төменгі күнкөріс деңгейі белгіленеді (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 шілдедегі № 631 «Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы) [31].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган тоқсан сайын республика бойынша және өңірлер бойынша жан басына шаққанда орта есеппен және халықтың жыныстық-жас топтары бойынша КМ есептейді.

Дегенмен, 2020 жылдан бастап республикалық бюджет туралы заңда белгіленген КМ шамасы мен статистика органдары есептеген өңірлік КМ шамасы арасындағы алшақтықтың өсуі байқалады (оны төмендегі кестеден байқауымызға болады) [32].

2012-2020 жылдар аралығында өңірлер бөлінісінде өңірлік КМ 3 өңірде (Маңғыстау облысында және Алматы, Астана қалаларында), 2021 жылы 15 өңірде (Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарын басқа), Республикалық КМ мөлшерінен асып түскен.

Сонымен қатар, жыл бойы өңірлік КМ шамасы жыл басымен салыстырғанда өсу жағына қарай тұрақсыз үрдіске ие болды.

Сонымен, қазіргі таңда КМ-нің 100% үлесінің азық-түлік емес бөлігінің үлесі 45% құраса, азық-түлікке арналған шығыстардың үлесі 55% қалыптастырады. Бұл ретте, азық-түлік себетінің тәулігіне **жан басына шаққандағы** орташа энергетикалық құндылығы **2 175 ккал** құрайды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 шілдедегі № 623 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 585 бірлескен бұйрығы негізінде бекітілген «Күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстардың тіркелген үлесін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Ережесінің 2 бөлігінің 6 тармағына сәйкес, Астананың, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан орталықтары және облыстық маңызы бар қалалар бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын (ЕТКДШ) есептеу азық-түлік себетінің құны (АСҚ) мен азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың (АЕТҚ) құнын жинақтау жолымен мынадай формула бойынша жүргізіледі.

$$\text{ЕТКДШ} = \text{АСҚ} + \text{АЕТҚ}$$

Яғни, КМ есептеу барысында 43 түрлі азық-түлік өнімдерінің түрлерімен келесідей тауарлар мен қызметтердің түрлеріне бағытталған шығындар қарастырылған: киім мен аяқ киім сатып алу, жұмыс орнына немесе оқуға барып келу үшін жол ақысы, тұрмыстық шығындар (гигиеналық құралдар мен химиялық заттар, ыдыс-аяқ), коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметіне ақы төлеу, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмекті сатып алу және т.б. [33 НПА]

## Талдау және зерттеу нәтижелері

**2.2. Ең төменгі күнкөріс минимумының деңгейін қалыптастыру бойынша нақты жан басына шаққандағы физиологиялық қажеттіліктер мен шығындарды есептеу арқылы арттыру жолдарын ұсыну**

11-кесте – 2023 жылдың 1 тоқсанына бекітілген күнкөріс минимумы

№		2023 жылдың 1 тоқсанындағы КМ мөлшері	2023 жылдың 2 тоқсанына арналған АӘК төлеуге арналған кедейшілік деңгейі
	<b>Қазақстан Республикасы</b>	45 948	32 164
1	Абай облысы	44 422	31 095
2	Ақмола облысы	45 641	31 949
3	Ақтөбе облысы	41 972	29 380
4	Алматы облысы	46 601	32 621
5	Атырау облысы	45 467	31 827
6	БҚО	41 328	28 930
7	Жамбыл облысы	44 353	31 047
8	Жетісу облысы	45 113	31 579
9	Қарағанды облысы	43 581	30 507
10	Қостанай облысы	43 709	30 596
11	Қызылорда облысы	42 292	29 604
12	Маңғыстау облысы	58 427	40 899
13	Павлодар облысы	44 641	31 249
14	СҚО	45 008	31 506
15	Түркістан облысы	43 014	30 110
16	Ұлытау облысы	44 583	31 208
17	ШҚО	47 323	33 126
18	Астана қ	50 689	35 482
19	Алматы қ	47 739	33 417
20	Шымкент қ	45 583	31 908
Ескертпе – Автор [18,19,20] деректері негізінде жасаған			

Сонымен, жоғарыдағы Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметіне сәйкес келтірілген ақпаратқа орай, 2023 жылдың 2 тоқсанына бір адамның жан басына шаққандағы қалыпты өмір сүруі үшін бекітілген ең төменгі КМ деңгейі мен кедейшілік деңгейінің қаншалықты қалыпты өмір сүруіне жеткіліктілігін талдау өзекті болып отыр [34].

Тиісті талдауды жүргізу үшін: осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, тәжірибе барысында жинақталған материалдарды (статистикалық мәліметтерді, базалық зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақыларға, әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығындарды, қолданыстағы ең төменгі КМ-ның деңгейі мен кедейшілік мөлшерін, жан

басына шаққандағы республика аумағындағы орташа коммуналдық қызметтердің шығындарын, республика көлемінде орташа деңгейде медициналық қызмет пен дәрі-дәрмекке төленетін шығыстарды, қазақ тағамтану академиясының зерттеулерін және ірі сауда орындарындағы азық-түлік бағаларына жүргізілген мониторингтерді) назарға алып контент талдаудың әдісі қолданылды.

### Әдістеме мен бекітілген негізгі шығындар бағыты

#### 12-кесте – КМ-нің шығындар бағыты

Оқуға немесе жұмыс орнына жету үшін кететін шығындар	Киім-кешек пен аяқ киімге жұмсалатын шығындар
Тұрмыстық шығындар (тұрмыстық химия, жеке бас гигиенасының құралдары, ыдыс-аяқ)	Медициналық қызмет пен дәрі-дәрмектер шығыны
Азық-түлік өнімдерін сатып алу шығындары	Коммуналдық шығындарды өтеу, (жылу, газ, көмір, отын), электр, су, кәріз, байланыс құралдары, интернет
Ескертпе – Автор [12,13,14,15] деректері негізінде жасаған	

Талдау барысында негізгі тұтынатын азық-түлік тауарларының бір айдағы шығындарына, коммуналдық шығындарға, медициналық қызмет пен дәрі-дәрмек шығындарына, байланыс пен интернет, жол ақысы мен басқада қызметтердің нақты көлеміне зерттеу жүргізілді.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ресми мәліметіне сәйкес, Қазақстан Республикасындағы коммуналдық қызметтердің тұрғындар үшін бекітілген орташа тарифі келесідей [35].

### Коммуналдық және байланыс қызметтеріне бекітілген орташа Республикалық тариф

#### 13-кесте – Коммуналдық шығындардың есептеулері

	Коммуналдық шығындар атауы	Орташа тариф (ҚҚС қоса есептегенде)	Айлық шығын (қыс)	Айлық шығын (жаз)
	1	2	3	4
1	Электрэнергия	16,44 теңге/квт	16,44*150 квт=2466	16,44*150 квт=2466
2	Жылуэнергиясы	3605,28 теңге/Гкал	0,029*50 кв/м=1,45*3605,28 =5227,6	----

13-кестенің жалғасы				
3	Тауарлы газ	23468,48 теңге/1000м3	200 м3 (50 кв/м)+10 м3/ 23468,48 = 4928,3	10м3(50кв/м)*23,468=235
4	Ауыз суы	68,041 теңге/м3	6,935*68,041=471,9	6,935*68,041=471,9
5	Кәріз	55,44 теңге/м3	6,935*55,44=384,5	6,935*55,44=384,5
6	Көмір	15,7 мың теңге/тонна	1,2 тонны (50 кв/м)*15,7 мың  =18 840	-----
7	Байланыс және интернет	2590 теңге	2590	2590
	<b>Барлығы</b>		<b>34 908,3</b>	<b>6147,4</b>
Ескертпе – Автор [21] деректер негізінде жасаған				

Демек, уәкілетті мемлекеттік органның ақпаратына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы коммуналдық қызметтерге бекітілген орташа тарифтің құнымен бір жан басына шаққандағы және 50 шаршы/метр көлемдегі тұрғын жайды коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету үшін қыс мезгілінде 34 908,3 мың теңге қаражат қажет болса, жаз айындағы минималды шығын көлемі 6 147,4 мың теңгені құрайды. Коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығындардың мұндай алшақтығы жылу қызметі мен көмір отынын сатып алуға бағытталатын қаражаттан құралуда.

Келесі бір адамның қалыпты физиологиялық жағдайда өмір сүруі үшін әсер ететін басты факторлардың бірі сапалы азық-түлік себеті екендігі белгілі. Бүгінде, Қазақстандағы КМ есептеу кезіндегі азық-түлік себетінің толықтай құрамының (43 атау) бағаларына мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы 3 айындағы азық-түлік өнімдеріне орташа деңгейдегі баға тұрақтылығы қалыптасқан өңірлердің бірі Ақтөбе облысының орталығы Ақтөбе қаласындағы Анвар сауда желісінің азық-түлік бағаларына 2023 жылдың 17 сәуірінде мониторинг жүргізілді.

14-кесте –Азық түлік себетінің түрлері, нормасы мен бағасы

№	Азық-түлік тауарларының атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы	Жылдық қажеттілік кг 2175 ккал	Айлық қажеттілік кг 2175 ккал
	1	2	3	4	5
14-кестенің жалғасы					



1	Бидай ұны, 1 сорт	1 кг	200	13,0	1,083
2	Бидай наны	1 кг	160	4,83	0,4
3	Қара бидай наны	1 кг	180	31,02	2,6
4	Нан 1 сортты фортицитті ұн	1 кг	150	70,72	5,9
5	Макарон өнімдері	1 кг	400	4,41	0,4
6	Қарақұмық	1 кг	450	2,0	0,2
7	Жарма жармасы	1 кг	350	2,0	0,2
8	Сұлы жармасы	1 кг	350	2,0	0,2
9	Күріш	1 кг	390	8,5	0,7
10	Бұршақ	1 кг	520	2,0	0,2
11	Картоп	1 кг	210	95,0	8,0
12	Қырыққабат	1 кг	220	25,0	2,1
13	Пияз	1 кг	330	20,0	1,7
14	Қарбыз	1 кг	300	10,0	0,8
15	Сәбіз	1 кг	250	20,0	1,7
16	Қызылша	1 кг	220	5,0	0,4
17	Қияр	1 кг	800	5,0	0,4
18	Қызанақ	1 кг	950	5,0	0,4
19	Алма	1 кг	550	25,0	2,1
20	Жүзім	1 кг	1200	4,5	0,4
21	Өріктер (курага)	1 кг	800	0,5	0,04
22	Қой еті	1 кг	2200	6,3	0,5
23	Сиыр еті	1 кг	2400	15	1,25
24	Жылқы еті	1 кг	2700	3,2	0,3
25	Шошқа еті	1 кг	1000	9	0,75
26	Сорпаөнімдері (бауыр,	1 кг	700	0,4	0,03

	жүрек, бүйрек)				
27	Тауық еті	1 кг	1100	5,0	0,4
28	Пісірілген шұжық (сиыр)	1 кг	1700	3,0	0,25
29	Балық (судак)	1 кг	1250	8,4	0,7
30	Тауық жұмыртқасы (дана)	10	60	142	12
31	Сиыр сүті 2.5% майлылық	1 л	470	84,5	7
32	Қаймақ майлылығы 15%	1 л	1200	3,2	0,3
33	Сүзбе майлылығы 9%	1 кг	1000	4,89	0,4
34	Ірімшік	1 кг	2000	2,34	0,2
35	Сары май майлылығы 75 %	1 кг	2500	4,44	0,4
36	Күнбағыс майы	1 л	800	7,0	0,6
37	Маргарин майы	1 кг	350	1,5	0,125
38	Майонез	1 кг	370	0,5	0,004
38	Қант	1 кг	450	18,0	1,5
39	Шәй	1 кг	2000	1	0,083
40	Ашытқы (дана 180 гр)	1	250	0,05	0,004
41	Ұнтақ бұрыш (дана 200 гр)	1	180	0,02	0,001
42	Ас тұзы	1 кг	80	2,19	0,182
	<b>Жылдық тұтыну нормасы</b>			<b>638,11</b>	<b>53,2</b>
Ескертпе – Автор [12,13] деректер негізінде жасаған					

Қолданыстағы жан басына шаққандағы физиологиялық қажеттіліктерге орай, бір адам тәулігіне кемінде 2175 ккал азық-түлік өнімдерін тұтыну қажет болса, айына 53,2 кг және жылына 638,11 кг азық-түлік тауарларының жалпы жиынтығы құралады. Жүргізілген мониторингке сәйкес, кемінде бір адамның тәулігіне 2175 ккал бекітілген азық-түлік өнімдерін тұтыну барысында жұмсалатын қаражат шығыны 22 500 теңгені құрайды. Бұл баға, Республикалық орташа деңгейдегі инфляция көлемі қалыптасқан Ақтөбе облысының ірі сауда орталығы Анвар гипермаркетіндегі баға негізінде қалыптасты. Өз кезегінде, әр өңірдегі инфляция деңгейіне қарай азық-түлік өнімдерінің бағасы 21500 теңгеден 30 000 мың теңге көлемінде шығынды қажет


етеді. Ал, аулалардағы дүкендердегі баға бұл бағадан әлдеқайда артық болатынын түсінгеніміз абзал.

Келесі бір маңызды бағыттардың бірі медициналық қызметтер мен фармацевтикалық дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін, ҚР ДСМ-де 2022 жылдың қортындысы бойынша өткізілген алқа мәжілісінде аталғандай Қазақстан бойынша орта баға 14,8 мың теңгені құраған [36].

Көліктік шығындар, еліміз бойынша орташа қалаішілік автобустар үшін бір бағытта 90 теңге көлімінде бекітілген. Оқу немесе жұмыс орнына жету үшін кейде 2 автобустық маршрутты пайдалану қажет болады, сондықтанда 90 теңге \* 2 бағыт, 90 теңге\*2 бағытта кері оралу үшін тәулігіне 460 теңге (6 күндік жұмыс аптасы ішінде 12 мың теңгені) құрайды.

Жеке бас гигиенасы мен химиялық тауарларды сатып алу үшін кем дегенде бір адам айына 7 мың теңге қаражат жұмсайды.

Қыстық киімді есептегенде, ай сайынғы жеңіл киімге 8 мың теңге қаражат жұмсалады.



7-сурет – КМ есептеудегі шығыстар көлемі мен үлесі

Ескертпе – Автор [12,13,14,15,21] деректер негізінде жасаған

Сонымен, диаграммада көріп отырғанымыздай әдістемеге сәйкес шығыстардың бағыты шеңберінде бір адамның минималды физиологиялық қалыпты өмір сүруі үшін төмендегідей көлемде ақша қаражаты қажет етіледі.

15-кесте – КМ-і шығыстарының нақты айлық ақшалай қажеттіліктері

№	Шығыстар атауы	Айына қажетті ақша көлемі (теңге)	Ескертпе
1	Коммуналдық, байланыс, интернет шығыстары	6147 теңге (50 шаршы/метр тұрғын үйге)	34908 теңге жылыту маусымында
2	Азық-түлік себеті	22500 теңге	
3	Медициналық, фармацевтикалық қызметке ақы төлеу	14 800 теңге	
4	Қалаішілік жол ақысы	12 000 теңге	
5	Гигиеналық және химиялық заттар	8 000 теңге	
6	Киім кешек пен аяқ киім	7 000 теңге	Ай сайын киім сатып алу қажеттілігін қысқарту
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>70 447 теңге</b>	<b>Жылыту маусымы кезеңінде кей өңірлерде 99 208 теңге (18, 8 мың теңге көмір бағасынан құралуда)</b>
Ескертпе – Автор [21] деректер негізінде жасаған			

Жүргізілген контент талдаулардың нәтижесінде бір адамның қалыпты физиологиялық тұрғыда өмір сүруі үшін кем дегенде **70 447 теңге**, ал жылыту маусымы кезеңінде **80 368** теңге қажет етсе, көмір отынын пайдаланатын өңірлерде бұл қажеттілік **99 208 теңгеге дейін** жететіні байқалды.

Дегенмен, КМ есептеу әдістемесіне сәйкес, азық-түліктік емес тауарларының қатарына киімдер мен аяқ киім сатып алу шығыстарыда қарастырылған, зерттеу барысында ай сайынғы анықталған шығынды толық пайдаланбау мүмкіндігін ескергеніміз жөн.

### 2.3. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерін арттыру негізінде ең төменгі жалақыны, яғни тұрғындар табысын арттыруға мүмкіндік ашу

Республика аумағында 2023 жылдың 2 тоқсанына ресми бекітілген КМ мөлшері 45 938 теңгені құраса, кедейшілік деңгейі 32 164 теңгені құрады.

Ал, жүргізілген зерттеулер нәтижесінде КМ-ның ең төменгі мөлшері 70 447 теңгені қалыптастырып отыр.

Қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес, ең төменгі жалақы ең төменгі күнкөрсі деңгейінен төмен болмауы міндетті.

Қазақстан Республикасының 2023-2025 жылғы Республикалық бюджеті туралы 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №163-VII Заңына сәйкес 2023 жылға бекітілген ең төменгі еңбек ақы мөлшері 70 000 теңгені құрады [37].

Осы жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда ең төменгі еңбекақы алатын түрлі салаларда еңбек етіп жүрген азаматтардың саны 1,8 млн адамды құрады.

Сәйкесінше, зерттеулер барысында келтірілгендей ең төменгі КМ-не тәуелді еліміздегі түрлі санаттағы адамдардың саны 3 млн-ға жуық.

Осы ретте, адамның нақты физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, зерттеу нәтижелерінде көрсетілгендей КМ-ның мөлшерін кем дегенде 70 447 теңгеге дейін арттыру, Қазақстандағы ең төменгі еңбекақы мөлшерін кем дегенде 100 000 теңгеге дейін арттыруға мүмкіндіктер береді.

Бұл шаралар қазіргі инфляцияның жоғары деңгейінде тұрғындардың ақшалай табысының нақты артуына және сатып алу қабылеттіліктерінің қорғалуына алып келеді.

Дегенмен, КМ мен ең төменгі жалақының лезде артуы өзінің осал тұстарына ие. Яғни, керісінше КМ мен ең төменгі жалақының лезде артуы экономикада қосымша инфляцияның жоғарлауына алып келуі мүмкін.

Жұмыс берушілер тарапынан ең төменгі еңбекақыны күрт өсіру наразылықтар мен жұмыс орындарын қысқартуға әкелуі әбден мүмкін.

Бұған қарамастан, КМ мен ең төменгі еңбекақыны арттыру мемлекет тарапынан азаматтардың қоғам алдындағы теңдігімен сапалы өмір сүруін қамтамасыз етудегі батыл қадамдардың бірі болып қала береді.

### Ең төменгі КМ арттыруға қатысты SWOT талдау

16 - кесте – SWOT талдау

Артықшылықтар	Кемшіліктер
1	2
Халықтың табысының артуы	Бюджет қаражатына қосымша жүктеме
Халықтың сатып алу мүмкіндігінің сақталуы мен қорғалуы	Халықтың сатып алу мүмкіндігінің сақталмауы
Атаулы көмек алушыларды белсенді жұмыспен қамтудың шараларына тарту	Азаматтардың өзін-өзі дамытуға қатысты шектеулердің сақталуы
Халықтың сапалы өмір сүруін қамтамасыз ету	Халықаралық рейтингте кедейшілік деңгейінің артуы
16-кестенің жалғасы	

Білім алуға, мәдени, спорттық шараларға тартылуға	
Әлемдік рейтингте Қазақстанда өмір сүру деңгейінің артуы мен кедейшіліктің азаюына	
Қосымша жеке табыс пен әлеуметтік салықтардың түсімі	
Тұрғындардың табысын арттыру бағдарламасына сәйкес кедейшілік деңгейін 5% ға дейін жеткізу	
Номеналды табысқа нақты табыстың бір қадам жақындауы	
<b>Мүмкіндіктермен</b>	<b>Қауіп-қатерлер</b>
Салық салу базасының қосымша кеңейтілуі	Азық-түлік себетіне инфляцияның лезде артуы
Жаңа инвестициялардың тартылуы	Кәсіпкерлер тарапынан жұмысшылар санын қысқарту
Тұрақты және жаңа жұмыс орындарының ашылуы	Қоғамдық-саяси тұрақсыздықтардың орын алуы
Өзін –өзі жұмыспен қамтыған 3,2 млн адамның қызметін заңдастыру	Аурушаң халық санының өсуі
Дені сау қоғамды қалыптастыру	Елден тұрғындардың жаппай көшуі
Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың санының азаюы	
«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ШОБ субъектілері санының артуы	
Халықтың Үкіметке сенімінің нығаюы	
Еңбек нарығындағы көлеңкелі экономиканы төмендету	

Магистрлік жобада кедейшіліктің экономикалық мәнінің теориялық негіздері қарастырылып, Қазақстандағы ең төменгі күнкөріс деңгейін арттырудың жағдайы талданады және адамдардың физиологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мен сатып алу қабылеттіліктерін қорғау мен сақтаудың факторы ретінде ең төменгі күнкөріс деңгейін арттыру арқылы тұрғындардың табысын арттыру бойынша ұсыныстар әзірленеді.

1. Ең төменгі күнкөріс минимумының мөлшерін 45 938 теңгеде 70 447 теңгеге дейін арттыру (Бұл адамдардың нақты қажеттіліктерін өтеуге және физиологиялық қалыпты жағдайда өмір сүрулеріне мүмкіндік береді).

2. Азық-түлік тауарларының себетін қайта қарау (бүгінде себетке 43 түрлі өнім енгізілген және бұл 2006 жылғы қажеттіліктер бойынша құралған, олардың денсаулыққа пайдасы аз кейбір түрлерін алмастыру) ұсынылады.

3. Ең төменгі күнкөріс деңгейіне атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) байламау, АӘК алушылардың басым көпшілігінің экономикалық белсенділігін және еңбекке қабылеттілігін ескере отырып, әр отбасы мүшесінің жиынтық табыстарын медиандық табыстың жалпы мөлшерінің алғашқыда 15-20 пайыз аралығындағы айырмашылығымен есептеу (медиандық табыс 201 мың теңге.).

4. Біріңғай жиынтық төлемдерді (ЕСП) алып тастау, (бұл өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың және АӘК алушылардың санын азайтуға жаңа мүмкіндіктер береді).

5. Әлеуметтік осал топтағы азаматтарға (көп балалы ана, АӘК алушы, мүгедектігі бар азамат, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасы) қайтарымсыз берілетін 1 млн 380 мың теңге гранттардың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жұмыстарын 1 жылдан 3 жылға дейін ұзарту.

6. Тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған бірден –бір бағдарлама «Ауыл аманаты» бағдарламасының қолданылу аясын 4 бағыттан басқа бағыттарға да кеңейту.

## Қорытынды

### Магистрлік жобаның келесі міндеттері шешілді

1) Ең төменгі күнкөріс деңгейі мен кедейшілік деңгейінің мәні және оның мазмұны ашылды. Кедейшіліктің нақты анықтамасы жоқ және ол әр мемлекетте әр түрлі әдістерге сүйене отырып анықталады. Кедейшіліктен арылудың маңыздылығы адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті материалдық игіліктер мен кірістердің болуынан құралады.

2) Кедейшілік елдің экономикалық өсу факторы мен ондағы халықтың әлауқаты ретінде қарастырылды. Кедейшілікті мүлдем жою мүмкін емес, дегенмен әлем елдері өз экономикасының өсуінде осы негізгі көрсеткішті пайдаланады. Кедейшілік азайып, мемлекеттегі халықтың әлауқатының өсуі экономиканың дамуымен тікелей немесе жанама байланыста болып қала бермек.

Экономиканың тиімді дамуы мен кедейшіліктің мейлінше азаюы үшін жаңа және тұрақты жұмыс орындарының ашылуы, экономикаға отандық немесе шетелдік инвестициялар ағымының келуі, халықтың еңбекке деген ықыласының артуы, шағын және орта бизнестің дамуы, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің дамуы, еңбекке ақы төлеудегі әділдік секілді факторларды қажет етеді. Мұның барлығы өңірлердің маңызды өзекті мәселелерін шешуге, жұмыс орындарын құруға және экономикалық дамудың біркелкілігін еңсеруге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл сала бюджетке қосымша жүктемелерсіз шешімін таппайтын мәселе болып қала бермек.

3) Кедейшілікпен күрестің шетелдік тәжірибесі зерттелді. Көбінесе кедейшілік мейлінше аз тіркелген елдер қатарында Еуропа мемлекеттері, АҚШ, Жапония, Біріккен Араб Әмірлігі, Қытай, Сингапур елдерін атауға болады. Бұл топтағы елдердің тізімі азаматтарының табыстық пайызына қарай жаңартылып отырылады. Жапония азаматтардың ең төменгі деңгейде толыққанды және лайықты өмір сүруінің барлық аспектілерін қамтитын әлауқатты, әлеуметтік қамсыздандыруды және мемлекеттік денсаулық сақтауды арттыру және нығайтса, Қытайда әлеуметтік көмекке адамдардың мақсатты тобы ғана кіреді және әлеуметтік көмек қоры оларға айырмашылықты жабу үшін бөлінеді, ал Германиядағы адамның физиологиялық қажеттіліктеріне бағытталған шығыстарға тек қана күнделікті тамақтану бойынша ғана шығындар есептеледі.

4) Қазақстандағы кедейшілік пен ең төменгі күнкөріс деңгейінің жағдайы бағаланды. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметінше, бүгінде Қазақстан халқының 5,3 пайызы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мөлшерде табыс табуда. Осы жылдың 2 тоқсанына Республика бойынша КМ 45 938 теңгені құрады.

Бұл ретте 13 өңірде (Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Астана қ.,



Алматы қ., Шымкент қ.) 2019 жылдан бастап күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халық үлесінің өсуі орын алуда.

Осылай, 9 өңірде (Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Алматы қ. және Шымкент қ.) көрсеткіш орташа республикалық деңгейден жоғары (5,2% және одан жоғары). Бұл көрсеткіш 2017 жылы 2,6 пайызды құраса, 2022 жылдың қортындысы бойынша 5,3 пайызға дейін жетіп отыр.

5) Қазақстандағы ең төменгі күнкөріс минимумын арттырып, кедейшілік деңгейін мейлінше азайтуға әсер ететін факторлар талданады. Контенттік және SWOT талдаулар нәтижесінде Қазақстандағы КМ лезде арттырып кедейшілікті айтарлықтай азайтуға әсер ететін бірнеше факторлар анықталды: бюджетке қосымша келетін жүктемелер, азық-түлік бағаларының жоғары инфляциясы, өңдеу өнеркәсібінің аздығы, қосымша инвестициялардың қажеттілігі, еңбекақы, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар санының көптігі, атаулы көмек алушылардың жұмысқа деген ынтасының болмауы, шағын орта бизнестің әліде болса дамуды қажет етуі, еңбек нарығындағы көлеңкелі экономика.

Кедейшілікті жоюда азаматтардың еңбекке деген ынтасы мен еңбекақы маңызды рөл атқарады. Бұл отбасының тұрақты табысын қамтамасыз етіп, қызметтер мен тауарларды сатып алу қабылеттілігін арттырып, сол арқылы қалыпты физиологиялық жағдайда өмір сүруіне алып келеді. Екінші жағынан, азамат өзінің және отбасының физиологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алса, онда олар тарапынан басқарушы билікке деген сенім нығаяды.

Осы орайда, Қазақстандағы КМ-ның нақты қалыптасқан шығындарды өтеуге арналған ақшалай номеналды көлемін арттырып, адамдардың физиологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мен сатып алу қабылеттіліктерін қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру ұсынылды. Жобаны бюджетке қосымша жүктемелерді кезең-кезеңімен енгізе отырып іске асыруды қарастыру ұсынылады.

## Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Ожегов С, «кедейлік - бұл мұқтаж өмір, үнемі мұқтаж адамның жағдайы, қажет нәрсенің жетіспеушілігі туралы» түсіндірме сөздігі.
- 2 Шугаева И, «кедейлік адамның материалдық мүмкіндіктердің болмауынан қоғамдағы адам мәртебесінің жоғалуы, халықтың деградацияға ұшырауынан еңбегінен».
- 3 Ресейлік социолог Гордон Л.А. «кедейліктің үш дәрежесі» анықтамасы.
- 4 БҰҰ кедейлік деңгейін салыстырмалы ұғым ретінде зерттеуі.
- 5 Экономика саласындағы Нобель сыйлығының «аштықтың саяси экономикасы» еңбегі үшін марапатталған Амартия Сеннің зерттеуі.
- 6 БҰҰ «қанағаттанарлық өмір салтын қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстардың ұзақ мерзімді мәжбүрлі жетіспеушілігі» тұжырымдамасы.
- 7 Адамбекова А, Кульжабаева М, Ералиева М – «еліміздегі кедейлікті азайтудың бірден – бір жолы ретінде, қолданыстағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерін ұлғайту мақаласы» [Электронды ресурс] kursiv.ru (басылым мерзімі: 28.10.2020 жыл) Жүгінген күні 17.10.2022 ж.
- 8 ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, қаржы-экономика сөздігі. Алматы: «Зияткер» ЖШС, 2007. ISBN 978-601-215-003-2 электронды ресурсы. Жүгінген күні 23.10.2022 ж.
- 9 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысына сәйкес, «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасының» кешенді жоспары.
- 10 «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V Заңы.
- 11 Қазақстан Республикасының 2023-2025 жылғы Республикалық Бюджеті туралы 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №163-VII Заңы.
- 12 «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы бұйрығы.
- 13 «Қазақстан Республикасындағы ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу және азық – түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі №135 бұйрығы.
- 14 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 шілдедегі №631 «Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы.
- 15 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 шілдедегі №623 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 31 шілдедегі №585 бірлескен бұйрығы.

16 Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы халыққа Жолдауы. «Әділет» АҚЖ порталы. Жүгінген күні 13.03.2023 жыл

17 Квартальнов В.А, Зорин И.В. «Қаржы және статистика» деректері, 2013 жыл.

18 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми статистикалық ақпараты <http://stat.gov.kz>. Жүгінген күні 11.11.2022 ж.

19 Қазақстан Республикасы Еңбек халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми статистикалық ақпараты <http://mtzsn.gov.kz>. Жүгінген күні 12.12.2022 ж.

20 Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің динамикасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми статистикалық ақпараты <http://stat.gov.kz>. Жүгінген күні 23.01.2023 ж.

21 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ресми ақпараты [www.krem.gov.kz](http://www.krem.gov.kz). Жүгінген күні 11.04.2023 ж.

22 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылдың қортындысы бойынша алқа мәжілісінің ресми ақпараты [www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz). Жүгінген күні 17.04.2023 ж.

23 БҰҰ, Жаһандық көзқарас адам тағдыры [Электронды ресурс] [news.un.org](http://news.un.org) (басылым мерзімі: 17.10.2022 жыл). Жүгінген күні 20.02.2023 ж.

24 Дүниежүзілік банк кедейлік деңгейін қалай бағалайды [Электронды ресурс] [tass.ru](http://tass.ru) (басылым мерзімі: 15.01.2020 жыл). Жүгінген күні 16.03.2023 ж.

25 Сазанов И, «кедейлік: ұлттық және халықаралық критерийлер» зерттеуі [Электронды ресурс] [cyberleninka.ru](http://cyberleninka.ru) (басылым мерзімі: 2012 жыл). Жүгінген күні 13.04.2023 ж.